

"Аралық соттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 тамыздағы N 883 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Аралық соттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Аралық соттар туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасының аралық соттары мен Қазақстан Республикасының аумағындағы халықаралық аралық соттардың құрылу тәртібі мен қызметін, сондай-ақ шетел мемлекетінде шығарылған аралық соттар шешімдерінің орындалу тәртібін реттейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заң, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, заңды және жеке тұлғалармен, жеке кәсіпкерлермен азаматтық-құқықтық шарттардан туындайтын дауларға қатысты қолданылады.

2-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) аралық сот - осы Заңға сәйкес азаматтық-құқықтық шарттың тараптары өтініш білдіре алатын осы Заңда белгіленген тәртіппен құрылған орган;

2) халықаралық аралық сот - нақты заңды тұлға жанынан құрылған тұрақты жұмыс істейтін халықаралық аралық сот немесе белгілі бір дауды шешу үшін тараптар құрған х а л ы қ а р а л ы қ а р а л ы қ с о т ;

3) аралық судья - аралық сотта дауларды шешу үшін тараптармен келісілген тәртіппен осы Заңның нормаларына сәйкес тараптар сайлаған немесе тағайындаған ж е к е т ұ л ғ а ;

4) аралық талқылау - аралық сотта дауларды қарау және аралық соттың шешім қ а б ы л д а у п р о ц е с і ;

5) аралық келісім - туындаған немесе туындауы мүмкін дауды аралық соттың

қарауына беру туралы шартқа тараптардың жазбаша келісімі;

6) аралық соттың регламенті - белгіленген тәртіппен бекітілген аралық сот қызметінің рәсімдік және ұйымдастырушылық мәселелерін реттейтін ережелерді қамтитын тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламенті;

7) құзыретті сот - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бірінші саты бойынша тараптар арасындағы тиісті шарттың даулары туралы істі қарауға уәкілетті Қазақстан Республикасы сот жүйесінің соты;

8) іскерлік айналымның әдет-ғұрпы - олар қандай да бір құжатта тіркелгеніне қарамастан азаматтық-құқықтық шарттар саласында қалыптасқан және кең қолданылатын мінез-құлық ережесі;

9) Қазақстан Республикасының резиденттері - Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жері бар, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлғалар, сондай-ақ оның шегінен тыс жерлерде орналасқан жері бар филиалдары мен өкілдіктері;

10) Қазақстан Республикасының резиденттер еместері - шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тұратындар және шет мемлекеттердің заңды тұлғалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жері бар олардың филиалдары мен өкілдіктері;

3-бап. Қазақстан Республикасының аралық соттар туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының аралық соттар туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше ереже белгіленсе, халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

4-бап. Аралық талқылау қағидаттары

Аралық талқылау мына қағидаттарды сақтай отырып жүзеге асырылады:

1) тараптар өзара алдын ала келісім бойынша туындаған даулар бойынша аралық талқылауды жүзеге асыру тәртібі мен шарттары мәселелерін дербес шешуге құқығы барын білдіретін тараптар еркінің дербестігі;

2) аралық судьялар мен соттар өз шешімдерінде тек тараптардың келісімі бойынша қолданылатын құқық нормаларын ғана басшылыққа алатынын, өз тарапынан, Қазақстан Республикасының нормаларына, заң және өзге нормативтік құқықтық актілеріне қарама-қайшы болмауын білдіретін заңдылық;

3) аралық судьялар мен соттардың оларға берілген дауларды шешу кезінде ешкімге бағынбайды және ешқандай әрекет болмағанда ғана шешім қабылдайды;

4) тараптардың аралық талқылауда бірдей құқық көлемін пайдаланатынын және

бірдей міндеттер көлемін көтеретінін білдіретін тараптардың бәсекелестігі және тең құқықтары, өзінің ұстанымын, тәсілдері мен оны қорғау құралдарын дербес және аралық соттан, басқа органдар мен адамдардан тәуелсіз сайлайды;

5) аралық судьялар және соттар, оларға берілген дауларды шешу кезінде және аралық талқылау тараптары белгіленген талаптарды, қоғамның имандылық қағидаттарын және іскерлік әдепті сақтай отырып, адал әрекет етуге тиіс екенін білдіретін әділеттілік;

б) заңда азаматтың тиісті органға ақпаратты хабарлау міндеттілігі тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, аралық судьялардың аралық талқылау барысында белгілі болған мәліметтерді тараптардың немесе олардың құқықтық мирасқорларының келісімінсіз жария етуге құқығы жоқтығын және аралық талқылау барысында оларға белгілі болған мәліметтер туралы куәгер ретінде жауап ала алмайтындығын білдіретін құпиялылық.

5-бап. Аралық соттардың түрлері

1. Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының аралық соттары және халықаралық аралық соттар әрекет етеді.

2. Қазақстан Республикасындағы аралық соттар тұрақты жұмыс істейтін аралық сот немесе нақты дауды шешу үшін құрылған аралық сот ретінде құрылуы мүмкін.

3. Тұрақты жұмыс істейтін аралық соттарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлғалар және олардың бірлестіктері (қауымдастықтар, одақтар) немесе шет мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлғалар мен оның бірлестіктері (қауымдастықтар, одақтар) құруы мүмкін.

Тұрақты жұмыс істейтін аралық сотты құру үшін осы тармақта көрсетілген адамдар аралық соттың регламенті, осы аралық сотта қызметті жүзеге асыратын аралық судьялардың тізімдерін бекітуге тиіс.

4. Нақты дауды шешу үшін аралық сот тараптар олардың азаматтық-құқықтық қатынастарынан туындаған дауды шешу үшін құрады және осы дау шешілгенге дейін немесе тараптар дауды құзыретті сотқа беру туралы шешім қабылдағанға дейін әрекет етеді.

Нақты дауды шешу үшін құрылған аралық сотты ұйымдастыру және қызмет тәртібі тараптардың келісімімен айқындалады.

5. Қазақстан Республикасындағы аралық соттар мемлекеттік органдардың жанынан құрыла алмайды.

6-бап. Аралық соттар қызметіндегі қолданылатын құқық

1. Аралық сот дауларды Қазақстан Республикасы Конституциясы, заң және өзге нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының нормаларына сәйкес қарайды.

2. Аралық сот шешімді шарт талаптарына сәйкес және іскерлік айналым ғұрпын ескере отырып қабылдайды.

3. Егер тараптардың қатынасы құқық нормалары немесе тараптардың келісімімен тікелей реттелмесе және осы қатынастарға қолданылған іскерлік айналым ғұрпы жоқ болғанда, онда аралық сот ұқсас қатынастарды реттейтін құқық нормаларын қолданады, ал осындай нормалар жоқ болса, даулар жалпы бастаулар және заңдар, өзге нормативтік құқықтық актілер негізінде шешіледі.

4. Тараптардың келісімі бойынша халықаралық аралық сот дауды қарау кезінде нақты шет мемлекеттің заңдарын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін бөлігінде қолдана алады.

7-бап. Дауды аралық соттың шешуіне беру

1. Дау аралық соттың қарауына тараптар арасында жасалған аралық келісім болғанда берілуі мүмкін.

2. Аралық келісімді тараптар арасында қандай да бір нақты құқықтық қатынастарға байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін дауларға қатысты тараптар жасауы мүмкін.

3. Шарттары тараптардың бірінде тұжырымдамалар немесе өзге стандартты нысандарда айқындалған және өзге тараппен тұтасымен қоса берілген шартқа біріктіру жолымен (бірігу шарты) басқадай емес қабылдануы мүмкін шарт бойынша дауды шешу туралы аралық келісім, егер бұндай келісім талап-арыз беру үшін негіз туындаған соң жасалған болса, жарамды.

4. Құзыретті сот қарауындағы дауға қатысты аралық келісім көрсетілген сотпен дау бойынша шешім қабылдағанға дейін жасалуы мүмкін.

5. Аралық соттарға мемлекеттің, мемлекеттік кәсіпорындардың, кәмелетке толмаған адамдардың, заңда белгіленген тәртіппен қабілетсіз деп танылған адамдардың, аралық келісімнің қатысушысы болып табылмайтын тұлғалардың мүдделерін қозғайтын даулар, табиғи монополиялар субъектілерінің қызмет көрсету туралы, тауарлар және қызметтер нарығында басымдық жағдаймен айналысатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, банкроттық туралы істер бойынша шарттардан туындаған даулар ведомстволық бағынысты емес.

8-бап. Аралық соттың қызметіне араласуға жөн бермеу

Аралық соттың қызметіне, бұл Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда мемлекеттік органдар мен өзге де мекемелердің араласуына жол берілмейді.

9-бап. Аралық талқылаудың тілі (тілдері)

1. Аралық соттардағы іс жүргізу тараптардың келісімі бойынша мемлекеттік тілде, орыс тілінде немесе өзге тілде жүргізіледі. Аралық талқылаудың тілі туралы тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда, аралық талқылаудың тілін аралық сот белгілейді.

Аралық талқылау жүргізіліп отырған тілді білмейтін іске қатысушы адамдарға іс материалдармен танысу, аралық сот әрекетіне аудармашы арқылы қатысу, аралық сотта ана тілінде мәлімдеме жасау құқығы қамтамасыз етіледі.

2. Құжаттар мен өзге материалдарды тараптар аралық талқылау тілінде (тілдерінде) ұсынбаса, олардың аудармасымен қамтамасыз етеді.

3. Аралық сот тараптардан құжаттар мен өзге материалдардың аралық талқылау тілінде (тілдерінде) аудармасын талап ете алады.

10-бап. Аралық келісім, оның нысаны және мазмұны

1. Аралық келісім жазбаша нысанда жасалады. Аралық келісім, егер ол тараптар қол қойған құжатта қамтылса, хабарламалар алмасу жолымен жазбаша нысанда жасалды деп е с е п т е л е д і .

2. Шарттағы дауды аралық соттың шешуіне беру туралы талапты қамтитын құжатқа шарттағы сілтеме, шарт жазбаша нысанда жасалған және осы сілтеме аралық келісімді шарттың бөлігі болған жағдайда аралық келісім болып табылады.

3. Егер тараптар бұл туралы уағдаласпаса, онда дауды тұрақты жұмыс істейтін сотқа бергенде тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламенті аралық келісімнің ажырамас бөлігі ретінде қаралады.

4. Аралық келісімнің қолданылуы тараптардың келісімімен ол жасалған тәртіпте тоқтатылуы мүмкін.

2-тарау. Аралық соттың құрамы

11-бап. Аралық судьялар

1. Аралық судьялар болып істің нәтижесіне тікелей немесе жанама мүдделі емес, тараптардан тәуелсіз болып табылатын және аралық судьяның міндеттерін орындауға келісімін берген, жиырма бес жасқа толған, жоғарғы білімі бар жеке тұлға сайланады (т а ғ а й ы н д а л а д ы) .

2. Дауды жеке-дара шешетін аралық судьяның жоғары заңгерлік білімі және заңгерлік мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы болуы тиіс. Дауды алқалы түрде шешу жағдайында аралық сот құрамы төрағасының жоғары заңгерлік б і л і м і б о л у ы т и і с .

3. Аралық судьяларға үміткерлерге қойылатын талаптар тараптармен тікелей келісілуі және аралық талқылау ережесімен айқындалуы тиіс.

4 . А р а л ы қ с у д ь я :

1) заңдарда белгіленген тәртіппен құзыретті соттың судьясы болып сайланған немесе т а ғ а й ы н д а л ғ а н ;

2) заңда белгіленген тәртіппен сот қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі деп таныған;

3) алынбаған немесе өтелмеген соттылығы бар не қылмыс жасауда кінәлі деп айып т а ғ ы л ғ а н а д а м ;

4) құзыретті соттың судьясы, адвокат, нотариус, тергеуші, прокурор немесе құқық қорғау органдарының басқа қызметкері ретіндегі өкілеттігі оның кәсіби қызметімен сыйыспайтын әрекеттер жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен тоқтатылған болса;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес аралық судья болып сайлана (тағайындала) алмайтын адамдар бола алмайды.

12-бап. Дауды қарауда аралық судьялардың саны

1. Тараптар саны тақ болуы тиіс аралық судьялар санын белгілеуге құқылы.
2. Егер тараптар бұл туралы уағдаласпаса, онда аралық сотта дауды шешу үшін үш аралық судьялар сайланады (тағайындалады).

13-бап. Аралық соттың құрамы

1. Аралық соттың құрамын құру аралық судьяларды (аралық судьяны) сайлау (тағайындау) жолымен жүргізіледі.
2. Тұрақты жұмыс істейтін аралық сотта аралық соттың құрамын құру тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламентінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.
3. Нақты дауды шешу үшін аралық сотта аралық соттың құрамын құру тараптармен келісілген тәртіпте жүргізіледі.
4. Тараптардың келісімі бойынша халықаралық аралық сотта судья болып шетел азаматы сайлануы мүмкін.
5. Егер тараптар бұл туралы уағдаласпаса, онда нақты дауды шешу үшін аралық сот құрамын құру мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) үш аралық судьядан тұратын аралық соттың құрамын құру кезінде әр тарап аралық судьяның біреуін сайлайды, ал осындай жолмен сайланған екі аралық судья үшінші аралық судьяны сайлайды.

Егер тараптардың біреуі басқа тараптан бұл туралы өтінішті алғаннан кейін 15 күн ішінде аралық судьяны сайламаса, немесе екі сайланған судья өз тарапынан өздері сайланғаннан кейін 15 күн ішінде үшінші аралық судьяны сайламаса, онда аралық сотта дауды қарастыру тоқтатылады, және бұл дау құзыретті соттың қарастырылуына жіберіледі;

2) егер дау аралық судьяның жеке-дара шешуіне жатса және бір тарап басқа тарапқа аралық судьяны сайлау туралы ұсыныспен жүгінгеннен кейін тараптар 15 күн ішінде аралық судьяны сайламаса, бұл дау құзыретті соттың қарастырылуына жіберіледі.

14-бап. Аралық судьяға қарсылық білдіру

1. Осы Заңның 11-бабының талаптарына аралық судьялар сәйкес келмеген жағдайда тараптар судьяға қарсылық білдіру жөнінде өтініш бере алады.

2. Қандай да бір жеке адамға оның аралық судьяны сайлау (тағайындау) мүмкіндігімен жүгінген жағдайда көрсетілген адам осы Заңның 12-бабына сәйкес оған қарсылық білдіру үшін негіз болып табылатын мән-жайлардың болуы туралы хабарлауы тиіс. Егер көрсетілген мән-жайлар аралық сот талқылауы кезінде туындаған жағдайда, аралық судья бұл туралы тараптарға кешіктірмей хабарлауы және өздігінен б а с т а р т у ы т и і с .

3. Тараптар өзі сайлаған аралық судьяға осы бапқа сәйкес, егер қарсылық білдіру

үшін негіз болып табылатын мән-жайлар тарапқа осы аралық судьяны сайлағаннан кейін белгілі болған жағдайда ғана қарсылық білдіре алады.

4. Тұрақты жұмыс істейтін аралық соттағы аралық судьяға қарсылық білдіру рәсімі тұрақты жұмыс істейтін аралық сот регламентінде белгіленеді.

5. Нақты дауды шешу үшін аралық соттағы аралық судьяға қарсылық білдіру рәсімі тараптармен келісілуі мүмкін.

6. Егер аралық судьяға қарсылық білдіру рәсімі тараптармен келісілмесе немесе тұрақты жұмыс істейтін аралық сот регламентінде белгіленбесе онда аралық судьяға қарсылық білдіру туралы жазбаша уәжді өтінішті тараптар аралық сот құрамы құрылғаны белгілі болғаннан кейін және осы Заңның 11-бабына сәйкес аралық судьяға қарсылық білдіру үшін негіз болғанда, бес күн ішінде беруі тиіс.

Егер қарсылық білдірілген аралық судья өздігінен бас тартпаса немесе басқа тарап аралық судьяға білдірілген қарсылыққа келіспесе, аралық судьяға қарсылық білдіру туралы мәселе аралық соттың құрамына кіретін аралық судьялар тараптардың жазбаша уәжді өтінішін алған кезден бастап он күн мерзімде шешеді.

Дауды жеке-дара қарайтын аралық судьяға қарсылық білдіру туралы мәселені осы аралық судьялар шешеді.

15-бап. Аралық судьялардың өкілеттігін тоқтату

1. Аралық судьялардың өкілеттігі тараптардың келісімі бойынша аралық судьяның өздігінен бас тарту немесе осы Заңда көзделген негіздер бойынша аралық сотқа қарсылық білдіруге байланысты, сондай-ақ аралық судья қайтыс болған жағдайда тоқтатылуы мүмкін.

2. Аралық судьялардың өкілеттігі нақты іс бойынша шешім қабылдағаннан кейін тоқтатылады. Осы Заңның 38-40 баптарында көзделген жағдайларда, аралық судьялардың өкілеттігі аралық қалпына келтіріледі, ал содан кейін көрсетілген баптарда көзделген іс жүргізу әрекеттері аяқталғаннан кейін тоқтатылады.

16-бап. Аралық судьяларды ауыстыру

Аралық судьялар өкілеттігін тоқтатқан жағдайда басқа аралық судья ауыстырылатын аралық судьяларды сайлағанда (тағайындағанда) қолданылған ережелерге сәйкес сайланады (тағайындалады).

3-тарау. Аралық сотта дауды шешуге байланысты шығындар

17-бап. Аралық сотта дауды шешуге байланысты шығындар

1. Аралық сотта дауды шешуге байланысты шығындар:
аралық судьялардың қаламақысын;

аралық талқылауға қатысуға байланысты аралық судьялар шеккен шығындар, соның ішінде дауды орау орнына жол жүру, тұру және тамақтану төлеміне шығындарды;

сарапшыларға және аудармашыларға төленуге тиіс сомаларды;
аралық судьялармен жазбаша және заттай дәлелдемелерді олар орналасқан жерде

қарауға және зерттеуге байланысты шеккен шығындарды;
куәгерлер шеккен шығындарды;
аралық сот шешімі пайдасына жасалған тараптың өкілінің қызметін төлеу
шығындарын;

аралық талқылауды ұйымдастырушылық және материалдық қамтамасыз ету
шығындарын қамтиды.

2. Тұрақты жұмыс істейтін аралық сотта аралық судьялардың қаламақысының мөлшері тұрақты жұмыс істейтін аралық сот регламентінде көзделген аралық судьялар қаламақысына сәйкес аралық сот құрамы айқындайды.

Тұрақты жұмыс істейтін аралық сот регламентінде судьялардың қаламақысына белгіленген мөлшерге нұсқау жоқ болғанда, аралық сот аралық судьяның қаламақысының мөлшерін талқылаудың әрбір нақты жағдайында талап қоюдың бағасын, даудың күрделілігін, аралық талқылауға аралық судьялардың кеткен уақытын және іске қатысты кез-келген басқа мән-жайларды ескере отырып белгілей алады.

3. Нақты дауды шешу үшін аралық соттағы аралық судьялардың қаламақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша, ал мұндай жоқ болса - нақты дауды шешу үшін аралық сот тұрақты жұмыс істейтін аралық сот үшін көзделген тәртіппен белгілейді.

18-бап. Аралық сотта дауларды шешуге байланысты шығындарды бөлу

1. Аралық сотта дауларды шешуге байланысты шығындарды тараптар арасында бөлу тараптардың келісіміне сәйкес, ал бұндай болмағанда қанағаттандырылған және бас тартылған талаптарға үйлесімді жүргізіледі.

2. Аралық сот шешімі пайдасына жасалған тараптың өкіл қызметіне төлемге шығындар, сондай-ақ аралық талқылаумен байланысты өзге шығындар аралық соттың шешімі бойынша егер келтірілген шығындарды өндіру туралы талап аралық талқылау барысында қойылса және аралық сотпен қанағаттандырылса басқа тарапқа қатысты болуы мүмкін.

3. Аралық сотта дауды шешуге байланысты шығындарды бөлу аралық соттың шешімінде немесе ұйғарымында көрсетіледі.

4-тарау. Аралық талқылау

19-бап. Аралық соттың мәселені шешу құқықтылығы

1. Аралық сот оған шешуге берілген дауды қарауға өзінің құқылы болуы немесе жоқтығы туралы мәселені, сонымен қатар тараптардың біреуі аралық келісімнің жоқтығы немесе жарамсыздық себептері бойынша аралық талқылауға қарсылық білдірген жағдайда дербес шешеді.

2. Тараптар оған шешуге берілген дауды қарауға аралық соттың құқығы жоқтығы туралы даудың мәні бойынша бірінші өтінішті ол бергенге дейін мәлімдеуге құқылы.

3. Тараптар аралық соттың құқығын асыра қолдану туралы, егер аралық талқылау

барысында аралық талқылаудың нысаны болып қаралуы аралық келісімде көзделмеген не заңға немесе аралық талқылау ережесіне сәйкес аралық талқылау мәні болып табылмайтын мәселе қойылса мәлімдеуге құқылы.

4. Аралық сот осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес жасалған өтінішті қарауға міндетті. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша ұйғарым шығарылады.

5. Егер аралық сот өзінің құқықтылығы туралы мәселені қарау кезінде аралық сотта дауды қарауға не жоқтығы туралы ұйғарым шығарса, онда аралық сот дауды мәні бойынша қарай алмайды.

20-бап. Аралық талқылаудың ережесін айқындау

1. Тұрақты жұмыс істейтін аралық сот аралық талқылауды егер тараптар аралық талқылаудың басқа ережелерін қолдану туралы уағдаласпаса, тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламентіне сәйкес жүзеге асырады.

2. Нақты дауды шешу үшін аралық сот аралық талқылауды тараптармен келісілген ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес тараптармен келісілген аралық талқылау ережесі тараптарға жекелеген мәселелер бойынша келісу құқығын бермейтін осы заңның міндетті ережелеріне қайшы келе алмайды.

Тараптармен келісілмеген, тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың ережесінде және осы заңда айқындалмаған бөлікте, аралық талқылаудың ережесін аралық сот белгілейді.

21-бап. Аралық талқылау орны

1. Аралық сотта нақты дауды шешу үшін тараптар өз қалаулары бойынша аралық талқылау орны туралы келісе алады.

Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда аралық талқылау орны нақты дауды шешу үшін аралық сотпен тараптар үшін қолайлы факторды қоса, істің барлық мән-жайын ескере отырып айқындалады.

2. Тұрақты жұмыс істейтін аралық сотта аралық талқылау орны тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламентіне сәйкес айқындалады.

Егер тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламентінде аралық талқылау орнына нұсқау не оны айқындау тәртібі жоқ болса, онда аралық талқылаудың орны аралық сот құрамымен тараптар үшін қолайлы факторды қоса, істің барлық мән-жайын ескере отырып айқындалады.

22-бап. Талап-арыз және талап арызды кері қайтарып алу

1. Талапкер жазбаша нысанда аралық сотқа берілетін талап арызда өзінің талаптарын баяндайды. Талап-арыздың көшірмесі талапкерге беріледі.

2. Талап-арызда:

- 1) талап-арызды беру күні;
- 2) тараптардың атауы, олардың пошталық мекен-жайы және банктік деректемелері;
- 3) аралық сотқа жүгіну негізі;

1. Жауапкер қарсы талаптың талапкердің талаптарымен өзара байланысы болған жағдайда, сондай-ақ қарсы талап қою аралық сотпен аралық келісімге сәйкес қаралуы мүмкін жағдайда талап қоюшыға қарсы талап қоюға құқылы.

2. Аралық сот шешім қабылдағанға дейін, егер тараптармен қарсы талап қою үшін өзге мерзім келісілмесе, аралық талқылау барысында қарсы талап қойылуы мүмкін.

3. Қарсы талап қою осы Заңның 23-бабы 2-тармағының талаптарын қанағаттандыруға тиіс.

4. Талапкер аралық талқылаудың регламентінде немесе ережелерде көзделген тәртіппен және мерзімде қарсы талап қоюға қарсылығын беруге құқылы.

26-бап. Дәлелдемелерді беру және зерттеу

1. Әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негіздемесі ретінде сүйенетін мән-жайды дәлелдеуі тиіс. Аралық сот берілген дәлелдемелер жеткіліксіз деп санаса, талаптарға қосымша дәлелдемелер беруді ұсынады.

2. Аралық сот іс бойынша бар барлық дәлелдемелерді тікелей зерттеуге міндетті.

27-бап. Аралық соттың мәжілісінде тараптардың қатысуы

1. Тараптардың әрқайсысына өзінің ұстанымын баяндау және өзінің құқығы мен мүддесін қорғау үшін тең мүмкіндіктер берілуі тиіс.

2. Егер тараптар өзгеше келіспесе, онда аралық талқылау аралық соттың мәжілісінде тараптардың не оның өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Өкілдің өкілеттігі Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 61-бабында көзделген талаптар сақтала отырып ресімделуі тиіс.

3. Тараптарға аралық сот мәжілісінің уақыты және орны туралы алдын ала хабарлама жіберілуі тиіс.

Егер тараптар өзгеше келіспесе, онда барлық құжаттар көшірмесі және өзге материалдар, сондай-ақ тараптардың біреумен аралық сотқа ұсынылатын өзге ақпарат, аралық сотпен басқа тарапқа тапсырылуы тиіс. Аралық сот өзінің шешімін негіздеген сараптамалық қорытындыны аралық сот тараптарға беруге тиіс.

4. Егер тараптар өзгеше келіспесе, онда аралық сот құрамы істі жабық мәжілісте қарайды.

28-бап. Тараптардың құқығы

Аралық талқылауда қатысушы тараптардың:

- 1) іс материалдармен танысуға;
- 2) дәлелдемелерді ұсынуға;
- 3) аралық судьяларға өтініш білдіруге қарсылық білдіруге;
- 4) процеске қатысушыларға сұрақтар қоюға, ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге;
- 5) процесс барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өзінің дәлелдерін беруге;
- 6) басқа тараптың өтініштеріне және дәлелдеріне қарсы қарсылық білдіру;

7) аралық сот мәжілісінің хаттамасымен танысуға және оған жазбаша ескерту беруге ;

8) құзыретті сот алдында аралық сот шешімін мәжбүрлеп орындату туралы өтініш білдіруге ;

9) аралық соттың шешіміне заңда белгіленген жағдайда шағым беруге құқығы бар.

29-бап. Тараптардың құжаттарды және өзге де материалдарды ұсынбау және тараптардың келмеу

салдарлары

1. Құжаттар мен өзге материалдарды ұсынбау, сонымен қатар аралық сот мәжілісінің уақыты және орны туралы тиісінше хабарландырылған тараптар не олардың өкілдерінің аралық сот мәжілісіне келмеуі, егер құжаттар мен өзге материалдарды ұсынбау не аралық соттың мәжілісіне тараптардың келмеуі олармен дәлелді емес деп танылса, аралық талқылау және аралық соттың шешім қабылдауы үшін кедергі болып табылмайды.

2. Жауапкердің талап арызға қарсылығын ұсынбауы талап қоюшының талаптарын мойындау ретінде қарастырыла алмайды.

30-бап. Сараптама тағайындау және өткізу

1. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда аралық сот дауды шешуде туындайтын мәселелерді түсіндіру үшін арнайы тануды талап ететін сараптама тағайындай алады және тараптардың кез-келгеннен сараптама өткізу үшін қажетті құжаттарды, өзге материалдарды не нысандарды талап ете алады.

Аралық сот аралық талқылаудағы сарапшының қатысуына қатысты өзге мәселелерді, сараптамаға және сарапшы қатысуына төлем шығындарын бөлуді қоса есептегенде, егер бұл мәселелер тараптармен арнайы келісілмеген болса, шешуге құқылы.

2. Сараптамалық қорытынды жазбаша нысанда ұсынылады.

3. Егер тараптар өзгеше келіспесе, бұл туралы тараптардың кез-келгені сұраған не аралық сот бұны қажетті деп санаған жағдайда, онда сарапшы, сараптамалық қорытынды ұсынылғаннан кейін, тараптарға және аралық судьяларға сараптама өткізумен және ұсынылған сараптамалық қорытындымен байланысты сарапшыға сұрақтар қою мүмкіндігін беретін аралық соттың мәжілісіне қатысуға тиіс.

31-бап. Аралық сот мәжілісінің хаттамасы

1. Егер тараптар өзгеше уағдаласпаса, онда аралық сот мәжілісінде хаттама жүргізіледі.

2. Аралық сот мәжілісінің хаттамасы іс талқылауының барлық маңызды кезеңдерін қамтуы тиіс.

Аралық сот мәжілісінің хаттамасында:

- 1) аралық сот мәжілісінің жылы, айы, күні және орны;
- 2) аралық сот мәжілісінің басталу және аяқталу уақыты;

3) істі қараушы аралық соттың атауы және аралық судьяның, аралық сот мәжілісі х а т ш ы с ы н ы ң а т ы - ж ө н д е р і ;

4) і с т і ң а т а у ы ;

5) іске қатысушы адамдардың, өкілдердің, куәгерлердің, сарапшылардың, мамандардың, аудармашылардың келуі туралы мәлімет;

6) іске қатысушы адамдарға, өкілдерге өздерінің іс жүргізу құқықтарын түсіндіру т у р а л ы м ә л і м е т ;

7) төрағалық етушінің өкімі және аралық соттың мәжіліс залында аралық сот ш ы ғ а р ғ а н ұ й ғ а р ы м ;

8) іске қатысушы адамдардың және өкілдердің өтініштері, өтінімдері және т ү с і н і к т е м е л е р і ;

9) куәгерлердің жауаптары, сарапшылардың өз қорытындыларын ауызша түсіндірулері, мамандардың түсіндірмелері;

10) құжаттарды жариялау туралы мәлімет, заттай айғақтарды қарау, дыбыс жазбаларын тыңдау, бейне жазбаларды, киноматериалдарды қарау деректері;

11) аралық соттың мәжіліс залында орын алған сұрақтар мен жауаптардың мазмұны ;

12) шешімнің және ұйғарымның мазмұнын жариялау және түсіндіру, оларға шағымдану тәртібі және мерзімін түсіндіру туралы мәліметтер;

13) іске қатысушы адамдарға хаттамамен танысу және оған ескерту жасау құқығын т ү с і н д і р у т у р а л ы м ә л і м е т ;

14) хаттаманың жасалған күні көрсетіледі.

3. Хаттаманы аралық талқылау тараптарының келісімі бойынша аралық сотпен, немесе тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың регламентіне сәйкес тағайындалатын сот мәжілісінің х а т ш ы с ы ж а с а й д ы .

4. Іске қатысушы адамдар және өкілдер хаттаманың қандайда бір бөлігін жариялау туралы, хаттамаға олар іс үшін маңызды деп санайтын мән-жайлар туралы мәліметті енгізу туралы өтініш білдіруге құқылы.

5. Хаттама аралық сот мәжілісі аяқталған соң үш күннен кешіктірілмей дайындалуы ж ә н е қ о л қ о й ы л у ғ а т и і с .

Күрделі істер бойынша аралық сот мәжілісінің хаттамасын дайындау және қол қою неғұрлым ұзақ мерзімде, бірақ аралық сот мәжілісі аяқталған соң он күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы тиіс.

6. Хаттамаға төрағалық етуші және хатшы қол қояды. Барлық өзгерістер, түзетулер, толықтырулар хаттамада көрсетілуі және олардың қолдарымен куәландырылуы тиіс.

5-тарау. Аралық соттың шешімі

32-бап. Аралық сот шешімінің міндеттілігі

Аралық келісім жасаған тараптар аралық сот шешімін орындауға міндеттеме алады. Тараптар мен аралық сот аралық соттың шешімінің заңи тұрғыда орындалуына бар күш-жігерін салады.

33-бап. Аралық соттың шешім қабылдауы

1. Істің мән-жайын зерттегеннен кейін аралық сот аралық соттың құрамына кіретін аралық судьялардың көпшілік даусымен шешім қабылдайды.

Шешім аралық сот мәжілісінде жарияланады. Аралық сот шешімнің қарарлық бөлігін ғана жариялауға құқылы. Егер тараптар шешімді жіберу үшін мерзімді келіспесе, бұндай жағдайда дәлелді шешім тараптарға шешімнің қарарлық бөлігі жарияланған күннен бастап 30 күн ішінде жіберілуі тиіс.

Аралық сот басым мүшелерінің шешімімен келіспейтін судья өзінің ерекше пікірін мәлімдеуге құқылы, бұл шешімге қоса тіркеледі. Тараптар аралық судьяның ерекше пікірімен танысуға құқылы.

2. Аралық сот егер оны қажетті деп таныса шешім қабылдауды кейінге қалдыруға және тараптарды осы заңның 27-баптың 3-тармағының ережелерін сақтай отырып қосымша мәжіліске шақыруға құқылы.

3. Егер аралық талқылау барысында тараптар дауды заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмейтін және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтын бітімгершілік келісім жасау жолымен реттесе, аралық сот талқылауды тоқтатады және тараптардың өтініші бойынша және оның тарапынан қарсылық болмаған кезде бұл реттеуді келісілген талаптарда аралық соттың шешімі ретінде белгілейді.

Келісілген талаптардағы аралық соттың шешімі осы Заңның 34-бабының ережелеріне сәйкес шығарылады және ол аралық соттың шешімі болып табылатындығына нұсқауды қамтиды. Аралық соттың мұндай шешімінің даудың мәні бойынша аралық соттың кез-келген шешімі сияқты мәртебесі және әрекеті бар.

4. Аралық соттың шешімі аралық талқылау орнында қабылданған деп есептеледі және оған аралық судья (судьялар) қол қойған күні заңды күшіне енеді.

34-бап. Аралық сот шешімінің нысаны мен мазмұны

1. Аралық сот шешімі жазбаша нысанда жазылады және аралық сот құрамына кіретін судьялар, сонымен қатар ерекше пікірі бар аралық судьялар қол қояды. Егер аралық талқылау алқалы түрде жүзеге асырылған болса, онда шешімге, басқа аралық судьяның қолы жоқтығының дәлелді себебі көрсетілген жағдайда, аралық сот құрамына кіретін аралық судьялардың көпшілігі қол қояды.

2. Аралық сот шешімінде мыналар:

1) шешім қабылданған күн;

2) осы заңның 21-бабына сәйкес анықталған аралық талқылаудың орны;

3) аралық сот құрамы және оның қалыптасу тәртібі;

4) дау тараптарының атауы, өкілеттіктері көрсетілген олардың өкілдерінің тектері

мен аты-жөнінің бас әріптері, лауазымдары;

5) аралық сот құзыретінің негіздемесі;

6) талапкердің талабы және жауапкердің қарсылығы, тараптардың өтініші;

7) арашалауға қатысушы адамдардың дауының, арызының, өтінішінің, түсіндіруінің мән-жайы ;

8) аралық сот белгілеген істің мән-жайы, осы мән-жайлар туралы аралық соттың қорытындылары негізделген дәлелдемелер, шешім қабылдау кезінде аралық сот басшылыққа алған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер.

Әр мәлімделген талап-арыз талабын қанағаттандыру туралы немесе қанағаттандырудағы бас тарту туралы аралық соттың қорытындылары, аралық сотта дауды шешуге байланысты шығыстардың сомасы, көрсетілген шығыстарды тараптардың арасында бөлу, қажет кезде қабылданған шешімді орындау мерзімі мен тәртібі көрсетілетін қарарлық бөлігі көрсетілуге тиіс.

3. Шешім қабылданғаннан кейін әр тарапқа осы баптың 1-тармағына сәйкес ресімделген шешімнің бір данасы тапсырылуға не жіберілуге тиіс.

35-бап. Шешімнің заңдылығы мен негізділігі

1. Аралық соттың заңды және негізді болуға тиіс.

2. Аралық сот өзінің шешімін аралық сот мәжілісінде зерттелген дәлелдемелерге ғана негіздейді.

36-бап. Қосымша шешім

1. Егер тараптар өзгеше келіспесе, онда кез-келген тараптардың бірі бұл туралы екінші тарапқа хабарлап, аралық соттың шешімін алғаннан кейін 10 күн ішінде аралық талқылау барысында мәлімделген талаптарға қатысты сол аралық сотқа қосымша шешім қабылдау туралы өтінішпен жүгіне алады. Көрсетілген өтініш оны алғаннан кейін он күн ішінде дауды шешкен аралық соттың құрамымен қаралуға тиіс.

2. Тиісті өтінішті қарау нәтижелері бойынша не аралық сот шешімінің құрамдық бөлігі болып табылатын қосымша шешім, не қосымша шешім қабылдау туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым қабылданады.

37-бап. Аралық сотта жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша дауларды қарау

1. Аралық соттың шешімі аралық келісім тараптарының біреуімен немесе құқығына нұқсан келген өзге адамның өтініші бойынша жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қаралуы мүмкін. Аралық соттың жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша шешімді қарауына негіз:

1) арыз берушіге белгілі болмаған және белгілі бола алмаған іс үшін елеулі мән-жайлар ;

2) заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленген, заңсыз не негізсіз шешім шығаруға әкеп соққан, куәнің көрінеу жалған жауаптары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы, көрінеу дұрыс аудармау, құжаттардың не заттай дәлелдемелердің

ж а л ғ а н д ы ғ ы ;

3) күшіне енген сот үкімімен белгіленген, тараптардың, іске қатысушы басқа адамдардың, не олардың өкілдерінің қылмысты әрекеттері немесе аралық судьялардың сол істі қарау кезінде жасаған қылмысты әрекеттері болып табылады;

2. Аралық сотқа жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша шешімді қайта қарау туралы арыз шешімді шығарған аралық сотқа осы Заңмен белгіленген тәртіппен өтінішті қайта қарау үшін негіз болатын мән-жайлар анықталған күннен бастап үш ай ішінде беріледі және қаралады.

Егер аралық соттың отырысы болмаған жағдайда оның ішінде тұрақты жұмыс істейтін аралық сот, онда аралық сотта жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша шешімдер осы Заңда белгіленген тәртіпте құрылған аралық соттың жаңа құрамымен қаралады.

38-бап. Шешімді түсіру

1. Егер тараптар өзгеше келіспесе, онда кез-келген тараптардың бірі бұл туралы екінші тарапқа хабарлай отырып, аралық соттың шешімін алғаннан кейін 10 күн ішінде сол аралық сотқа шешімді түсіндіру туралы өтінішпен жүгінеді. Шешімді түсіндіру туралы өтініш оны алғаннан кейін 10 күн ішінде дауды шешкен аралық соттың құрамымен қаралуға тиіс.

2. Аралық сот өзінің қабылдаған шешімін оның мазмұнын өзгертпей-ақ түсіндіреді.

3. Тиісті өтініштің қаралу нәтижелері бойынша не аралық сот шешімінің құрамдық бөлігі болып табылатын шешімді түсіндіру туралы ұйғарым, не шешімді түсіндіруден бас тарту туралы ұйғарым шығарылады.

39-бап. Жаңылыс жазуларды, жаңылыс таңбаларды, арифметикалық қателерді түзету

1. Аралық сот кез-келген тараптың өтініші бойынша немесе өзінің бастамасы бойынша жіберілген жаңылыс жазуларды, жаңылыс таңбаларды, анық арифметикалық қателерді түзетуге құқылы.

2. Аралық сот шешімнің құрамдық бөлігі болып табылатын жаңылыс жазуларды, жаңылыс таңбаларды, анық арифметикалық қателерді түзету туралы ұйғарым шығарады.

40-бап. Аралық сот ұйғарымы

Даудың мәнін қозғамайтын мәселелер бойынша аралық сот негізделуге тиіс ұйғарымдар шығарады.

41-бап. Аралық анықтауды тоқтату

Аралық сот мынадай жағдайларда егер: талапкер өзінің талабынан бас тартпаса, егер тек жауапкер мәні бойынша дауды шешуде заңды мүддесінің болуына байланысты аралық талқылауды тоқтатуға қарсы қарсылығын білдірмесе;

аралық соттың оған шешуге берілген дауларды қарауға аралық соттың құзыретінің

болмауы туралы ұйғарым шығарса;

сол тараптар арасында, сол мәселе туралы даулар бойынша және сол негіздер бойынша құзыретті соттың немесе аралық соттың заңды күшіне енген шешімі болса; тараптар аралық талқылауды тоқтату туралы келісімге келсе; заңды тұлға таратылса, жеке тұлға қайтыс болса (қайтыс болған деп жарияланса), не аралық талқылаудың тарабы болып табылатын жеке тұлға хабарсыз кеткен деп танылса ;

талапкер талап-арыздан бас тартса және аралық сот бас тартуды қабылдаса, аралық талқылауды тоқтату туралы ұйғарымды шығарады.

42-бап. Шешімдер мен істерді сақтау

1. Аралық соттың шешімі нақты дауды шешу үшін оны қабылдағаннан кейін бір ай мерзімде сақтауға арналған істер жөніндегі материалдармен қоса тұрақты жұмыс істейтін аралық соттардың біріне жіберіледі.

2. Егер тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың ережелерінде өзге мерзім белгіленбесе, онда тұрақты жұмыс істейтін аралық сотта қаралған іс осы аралық сотта ол бойынша шешім қабылданған күннен бастап кемінде бес жыл сақталады.

43-бап. Аралық сот шешіміне шағым беру

1. Тараптар аралық соттың шешіміне азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіппен құзыретті сотқа шағымдануы мүмкін.

2. Аралық сот шешіміне, егер аралық сот шешімінің күшін жою туралы өтініш берген тарап немесе құқығына нұқсан келген адам мынадай дәлелдемелерді көрсеткен жағдайда ғана шағымдануы мүмкін:

1) аралық келісім Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша жарамсыз немесе тараптарды осы келісім бағындырған құқық бойынша жарамсыз болып табылады ;

2) аралық келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына тура келмейтін дау бойынша шығарылған, не аралық келісімнің шегінен шығатын мәселелер жөніндегі қаулылардан тұратын аралық сот шешімі, сондай-ақ аралық сотқа ведомстволық бағынысты емес даудың салдары .

Егер аралық сот қаулыларын аралық келісім қамтитын мәселелер бойынша мұндай келісім қамтымайтын мәселелері жөніндегі қаулылардан ажырату мүмкін болса, онда аралық келісім қамтымайтын мәселелер жөніндегі қаулылардан тұратын аралық сот шешімінің сол бөлігі ғана жойылуы мүмкін;

3) аралық сот құрамы немесе аралық талқылау Қазақстан Республикасының аралық талқылау туралы заң талаптарына сәйкес келмесе;

4) тараптар аралық судьялардың сайлануы (тағайындалуы) туралы немесе аралық сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілмесе не аралық сотқа өзінің түсіндірулерін басқа да себептермен көрсете алмаса;

5) Қазақстан Республикасының заңдылық қағидаты мен жариялылық тәртібіне

қ а й ш ы

к е л с е ;

б) дау аралық талқылаудың нысанасы бола алмайды.

3. Аралық сот шешімдерін жойған жағдайда тараптардың кез-келгені аралық келісімге сәйкес аралық сотқа жүгінуге құқылы.

Егер аралық сот шешімі аралық келісімнің жарамсыздығы салдарынан немесе шешім аралық келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына тура келмейтін дау бойынша қабылданғандықтан, не аралық келісімде қамтылмайтын мәселелер жөніндегі қаулылары болып, толығымен немесе ішінара жойылған жағдайда тиісті дау аралық сотта одан әрі қарауға жатпайды.

6-тарау. Аралық сот шешімін орындау

44-бап. Аралық сот шешімін орындау

1. Аралық сот шешімі шешімде белгіленген тәртіп пен мерзімде міндетті орындауға ж а т а д ы .

2. Егер аралық сот шешімінде мерзім белгіленбесе, онда ол тез арада орындауға жатады.

45-бап. Аралық сот шешімін мәжбүрлеп орындау

Егер аралық сот шешімі белгіленген мерзімде еркімен орындалмаса, онда ол мәжбүрлеп о р ы н д а у ғ а ж а т а д ы .

Аралық сот шешімін мәжбүрлеп орындау аралық сот шешімін мәжбүрлеп орындауға құзыретті сот берген атқару парағының негізінде аралық сот шешімін орындау кезінде қолданылатын атқарушылық іс жүргізу ережелері бойынша жүзеге асырылады.

46-бап. Аралық сот шешімін еріксіз орындауға байланысты шығыстарды өндіріп алу

Аралық сот шешімін еріксіз орындауға байланысты қосымша шығыстар шешімді өз еркімен орындамаған тарапқа жүктеледі.

47-бап. Атқару парағын беруден бас тарту үшін негіздемелер

1. Атқару парағын беру туралы өтінішті қарау кезінде тиісті құзыретті сот аралық сот белгілеген мән-жайды зерттеуге не аралық сот шешімін мәні бойынша қайта қ а р а у ғ а қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

2. Құзыретті сот мынадай жағдайларда:
е г е р :

1) оған қарсы аралық сот шешімі қабылданған тарап құзыретті сотқа:
аралық келісім жарамсыз болып табылатынын;
аралық келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына тура келмейтін дау бойынша қабылданғанын немесе аралық келісімнің шегінен шығатын мәселелер жөніндегі, сондай-ақ аралық сотқа ведомстволық бағынысты емес даудың салдарынан, қаулылардан тұратынын. Егер аралық келісіммен қамтылатын аралық сот қаулылары

осындай келісіммен қамтылмайтын мәселелерден ажыратылса, онда атқару аралық келісіммен қамтылатын мәселелер жөніндегі қаулы бар аралық сот шешімінің сондай бөлігін мәжбүрлеп орындауға атқару парағын беруге бас тартылмайтынын;

аралық сот құрамы немесе аралық талқылау Қазақстан Республикасының аралық талқылау туралы заң талаптарына сәйкес келмесе;

оған қарсы аралық сот шешімі қабылданған тарап аралық соттың сайлануы (тағайындалуы) туралы немесе аралық сот мәжілісінің уақыты мен орны туралы не басқа да себептермен аралық сотқа өзінің түсіндірулерін хабарлай алмаса;

аралық келісім жасалуда тараптардың бірі толық немесе ішінара іс-әрекетке қабілетсіз болса;

сол тараптардың арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша шығарылған құзыретті соттың немесе аралық соттың заңды күшіне енген шешімі не талапкердің талап қоюдан бас тартуына байланысты іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтату туралы құзыретті соттың немесе аралық соттың ұйғарымы болса;

аралық соттың шешім шығаруы сот үкімімен анықталған қылмысты жасау нәтижесінде мүмкін болғанын құзыретті сотқа дәлелдесе;

2) құзыретті сот:

дау Қазақстан Республикасының заңдарына немесе осы дау бойынша тараптарды аралық келісім бағындырған басқа құқыққа сәйкес аралық талқылаудың мәні бола алмайтынныңын;

аралық соттың шешімі Қазақстан Республикасының заңдылық қағидаты мен жариялылық тәртібіне қайшы келетінін анықтаса атқару парағын беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

2. Құзыретті сот атқару парағын беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарған жағдайда тараптар аралық келісімге сәйкес заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ведомстволық бағыныстылық және соттылық ережелерін сақтай отырып, аралық сотқа не құзыретті сотқа жүгінуге құқылы.

7-тарау. Шетел мемлекетінде шығарылған аралық соттар шешімдерінің орындалуы

48-бап. Шетел мемлекетінде шығарылған аралық соттар шешімдерінің міндеттілігі

Шетел мемлекетінде шығарылған аралық соттар шешімдері міндетті болып табылады және оны тараудағы ережені ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орындалады.

49-бап. Шетел мемлекетінде шығарылған аралық соттар шешімдерін тануға және орындауға шағымдану тәртібі

1. Шетел мемлекетінде шығарылған аралық соттар шешімі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің 3-тарауына сәйкес анықталатын

Қазақстан Республикасының тиісті сотының тануы мен орындауы үшін енгізіледі.

2. Шетел мемлекетінде шығарылған аралық сот шешімін тану мен орындау туралы өтініш беруші тарап:

1) аралық сот шешімінің тиісті түрде куәландырылған түпнұсқасы немесе расталған көшірмесін;

2) аралық келісімнің түпнұсқасы немесе оның тиісті түрде расталған көшірмесін ұсынуды керек.

3. Егер шешім немесе келісім мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде жазылмаған жағдайда, аралық сот шешімін тану мен орындау туралы өтініш берген тарап осы баптың 3-тармағында көрсетілген құжаттармен қатар мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде тиісті үлгіде ұсынады.

50-бап. Шетел мемлекетінде шығарылған аралық соттар шешімін тану мен орындаудан бас тарту негіздемелері

1. Құзыретті сот мынадай жағдайларда: егер:

1) оған қарсы аралық сот шешімі қабылданған тарап құзыретті сотқа: аралық келісім жарамсыз болып табылатынын; аралық келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына тура келмейтін дау бойынша қабылданғанын немесе аралық келісімнің шегінен шығатын мәселелер жөніндегі, сондай-ақ аралық сотқа ведомстволық бағынысты емес даудың салдарынан, қаулылардан тұратынын. Егер аралық келісіммен қамтылатын аралық сот қаулылары осындай келісіммен қамтылмайтын мәселелерден ажыратылса, онда атқару аралық келісіммен қамтылатын мәселелер жөніндегі қаулы бар аралық сот шешімінің сондай бөлігін мәжбүрлеп орындауға атқару парағын беруге бас тартылмайтынын; аралық сот құрамы немесе аралық талқылау Қазақстан Республикасының аралық талқылау туралы заң талаптарына сәйкес келмесе; оған қарсы аралық сот шешімі қабылданған тарап аралық соттың сайлануы (тағайындалуы) туралы немесе аралық сот мәжілісінің уақыты мен орны туралы не басқа да себептермен аралық сотқа өзінің түсіндірулерін хабарлай алмаса; аралық келісім жасалуда тараптардың бірі толық немесе ішінара іс-әрекетке қабілетсіз болса;

сол тараптардың арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша шығарылған құзыретті соттың немесе аралық соттың заңды күшіне енген шешімі не талапкердің талап қоюдан бас тартуына байланысты іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтату туралы құзыретті соттың немесе аралық соттың ұйғарымы болса;

аралық соттың шешім шығаруы сот үкімімен анықталған қылмысты жасау нәтижесінде мүмкін болғанын құзыретті сотқа дәлелдесе;

2) құзыретті сот:

дау Қазақстан Республикасының заңдарына немесе осы дау бойынша тараптарды аралық келісім бағындырған басқа құқыққа сәйкес аралық талқылаудың мәні бола а л м а й т ы н ы н ;

аралық соттың шешімі Қазақстан Республикасының заңдылық қағидаты мен жариялылық тәртібіне қайшы келетінін анықтаса атқару парағын беруден бас тарту туралы ұ й ғ а р ы м ш ы ғ а р а д ы .

2. Құзіретті сот атқару парағын беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарған жағдайда шетел мемлекетінде шығарылған аралық сот шешімін тану мен орындау үшін өтініш берген тарап Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен ұйғарымды шағымдауға құқылы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК